

# ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ – ҒЫЛЫМИ БІЛІМГЕ ЖЕТЕЛЕУ

**Дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты білікті елдің болашағы болатындай білімді ұрпақ тәрбиелеуді жалғастыруда.**

**Л**ицей-интернат өткен оқу жылын жемісті аяқтап, жаңа оқу жылын айқын мақсат-міндеттерімен бастап кетті. Білім ордамыз заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұғалімдердің жаңартылған білім беру мазмұнына, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгеруге байланысты білім-білігін көтеру ісі де қарқынды түрде қолға алынды.

Ұстаз балаға үйретуден жалықпаса, шәкірт ұстаздан озатыны ақиқат. Көп ізденуден, көп еңбек етуден туатын сабақты педагогикалық шығарма деп білетін ұстаздар сабақ үрдісін түрлендіріп отырады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Жаңа ғасыр – білім, ғылым ғасыры» деген сөзін басшылыққа ала отырып, лицей-интернаттың білікті ұстаздары жас ұрпақтың жаңашыл түрде ойлауына, олардың біртұтас ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына ықпал етіп, ағылшын тілінде оқытылатын физика, химия, биология, математика, информатика пәндері арқылы ғылым негіздерін жоғары деңгейде меңгертуде.

**Осыдан болар, білім алушыларымыз республикалық, халықаралық, дүниежүзілік түрлі білім додаларынан, ғылыми жоба жарыстарынан жүлделі орындарды иеленіп, білім шыңының биігінен көрінуде. Білім саласындағы толағай жетістіктердің нәтижесінде Қазақстан**

**Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қорытындысы бойынша қатарынан он жыл «Үздік олимпиада мектебі» атағына ие болды.**

Бүгінге дейін лицей-интернат қоржынына 1449 медаль түскен. 2019-2020 оқу жылында облыстық, республикалық, халықаралық, дүниежүзілік олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарынан білім алушыларымыз 60 медаль иеленген. Оның ішінде 17 алтын, 20 күміс, 23 қола медаль.

Білім алушыларымыздың білім саласындағы толағай жетістіктерге қол жеткізіп жүрулерінің тағы бір себебі – бір қалыпқа кірген олимпиадаға дайындық жүйесінің орнығуы. Осы орайда, дайындық жүйесінің негізін құрайтын маңызды 10 қағиданы ұсынғым келеді.

**1. Білім алушыларды бейініне қарай іріктеу.** Бұл өте маңызды. Оларды іріктеу барысында бейінімен қатар келесі критерийлерді ескеру қажет.

**Талап** – олимпиадаға қатысатын білім алушының бойынан табылуы қажет қасиет.

**Зеректік** – кез келген білім алушының бойынан табыла бермейтін қасиет. Ал олимпиадаға қатысу үшін білім алушы міндетті түрде зерек болу керек.



**Өз бетімен дайындалу қабілеті** – егер олимпиадаға қатысатын білім алушының бойында бұл қасиет болса, ол қуантарлық жағдай. Бірақ бұл қабілетті жүре келе білім алушы бойында қалыптастыруға болады.

Іріктеу үшін білім алушылардың бірнеше емтихан алынады. Сонымен қатар, білім алушылардың қалауы ескеріледі. Олардан қандай пән бойынша олимпиадаға дайындалатындықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынады. Соңында емтихандар бойынша рейтинг жасалып, білім алушылардың қай пән бойынша дайындалатыны анықталады. Қабілетіне қарай тапсырма беру арқылы білім алушының зейінін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады.

**2. Жоспар.** Олимпиадаға дайындық ұзақ мерзімді, үлкен күш-жігерді талап ететін әрекет болғандықтан, «Жоспарлы» дайындық керек. Әйтпесе, білім алушы да, мұғалім де күш-жігерін керек бағытта жұмсамауы әбден мүмкін. Әр білім алушы не оқу керектігін білуі шарт. Ол үшін мұғалім



жүзеге асырылып келеді. Жемісін көріп жүрміз.

**6. Бақылау.** Мұғалім білім алушылардың дайындық барысын бақылауда ұстауы керек. Бақылауда ұстаудың бір жолы – жиі-жиі емтихан алып тұру. Жиі емтихан алу оқушыларды түрлі байқаулар барысында тосыннан келген кедергілерден сүрінбей өтуге дайындайды.

**7. Оқу-жаттықтыру жиындары.** Біз тоқсан аралықтарында бірнеше мектеп бірігіп, бірге олимпиада дайындықтарын жүргізіп отырамыз. Ол жерге сабақ беретін мұғалімдер шақырылады. Жаңа тақырыптар қамтылады, емтихандар алынады, рейтингтер шығарылады. Осы арқылы білім алушылар басқалардың қалай дайындалатынын көреді. Сонымен қатар

республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы білім алушылардың оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастырады. Олимпиада резерві командасын жасақтайды. Осындай жиындар құраманы анықтау мақсатында республика көлемінде жаратылыстану-математикалық бағытта өтетін пәндер үшін жылына бірнеше рет өткізіледі.

жүйелі түрде бір жоспар құрып, білім алушының сол жоспар бойынша әрекет жасауын қадағалауы керек.

**3. Мақсат қою.** Олимпиадаға дайындықтың ең маңызды аспектілерінің бірі – мақсат қою. Қойылатын мақсат шындыққа жанасуы керек, әйтпесе ол тек қиял болып қала бермек. Ол үшін дайындықты жаңа бастаған білім алушылар өз алдында «үлгі» көру керек. Мысалы, сіз тарих пәнінен олимпиадаға дайындайсыз делік. Сіздің білім алушыларыңыз баршылық, бірақ әлі республикалық олимпиададан орын алған білім алушыңыз жоқ. Осы жағдайда дайындықты жүргізу өте қиын. Өйткені, білім алушылардың республикалық олимпиададан орын алуға сенімі аз болады. Ең алдымен сіз республикалық олимпиададан орын алатын 1 білім алушыны дайындауыңыз қажет. Сол білім алушы басқаларына үлгі болады. Соған қарап кейінгілері жігерленеді, жетіледі. Үлкен жеңістердің ауылы жақындай түседі.

**4. Жігерлендіру.** Бұл әрекет біздің мектепте қалай орындалады? Мұғалім білім алушылармен жиі бас қосып, олимпиадаға дайындық барысын талқылауы қажет. Осы кезде білім алушыларда өзіне деген сенім пайда болады, ұстазының сенімін сезеді. Әңгіме барысында кедергілер анықталып, білім алушылардың дайындалуына жағдай жасалуы керек. Тарихтан мысал келтіріп, жігерлендірсе де болады.

Бұл әрекет мұғалімдерге білім алушыларды жақсы тануға көмектеседі.

Сондай-ақ, білім алушыларға берер тәрбиелік мәні зор. Айта кетерім, бұл әрекет кемінде аптасына бір рет орындалуы керек.

**5. Өзара оқыту.** Өзара оқыту деу арқылы жоғары сынып білім алушыларының төменгі сынып білім алушыларына сабақ түсіндіруін айтқым келді. Бұл әрекет те өте маңызды. Білім алушылар арасында бірлік пайда болады, ұжым қалыптасады және әрдайым түсіністік болады. Жоғары сынып білім алушылары өздерін «аға» ретінде сезініп, жауапкершілігі артады. Осы әрекет бірнеше жылдар бойы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» оқу орындарында






**8. Ата-анамен қарым-қатынас.**

Дайындықтың нәтижелі болуы ата-ана, білім алушы, мұғалімнің бірлесіп жұмыс жасауына байланысты. Мысалы, білім алушының сабақтан тыс уақытта өткізілген дайындықтардан қалмай қатысуы тікелей ата-анаға байланысты. Себебі, кез келген ата-ана аптасына 5 күн сабақ оқитын баласын олимпиада дайындықтарына жібере бермейді. Осындай жағдайларда ата-анадан қолдау қажет. «Ең үлкен инвестиция – білім» екенін түсінетін ата-ана – алтын.

**9. Ресурстар.** Біріншіден, оқылатын тақырыптар және олардың реттері анықталуы керек. Екіншіден, осы тақырыптар қамтылған сапалы оқулықтар керек. Үшіншіден, бұл ресурстар қағаз және электронды түрде болуы керек. Төртіншіден, алдыңғы жылдары өткен олимпиада сұрақтары (шешімдерімен бірге) қажет. Бұл жағдайда ғаламторды дұрыс пайдаланған жөн.

**10. Тәрбие.**

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп Әбу Наср әл-Фараби данамыз айтып кеткендей, жоғарыда айтылған 9 қағидамен егіз жүретін қажеттілік – тәрбие. Тәрбие отбасынан басталады. Әр ата-ана, мұғалім баласын жақсылыққа үйретіп, жамандықтан алыс ұстағысы келеді. Алдымызда отырған білім алушыға бір жақсылықты үйретіп қана



қоймай, оны іс жүзінде көрсетуіміз керек. Осындай атмосферада жақсы тәрбие ала отырып, білімін жетілдірген оқушы өз білгенін елінің өркениетті дамуына, ізбасарларына қолдау көрсетуге жұмсайды.

Білімін дұрыс жолда пайдалана алмаған, адамзатқа зиянын тигізген жандарға тарих куә.

Лицей-интернатымыздың білім алушылары халықаралық, дүниежүзілік білім байқауларынан жүлделі орындарды иеленгендіктен, еліміздегі қалаған жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік грант иегерлері болды. Сонымен қатар, әлемнің үздік жоғарғы оқу орындарына түсу мүмкіндіктеріне

ие болуда. Дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатының түлектеріне шет елдерде білім алу қиынға соқпайды. Себебі, оқу орны қалыптасқаннан бері сабақтар қазақ тілімен бірге ағылшын, орыс, түрік тілдерінде жүргізіледі. Мектеп қабырғасында сапалы білім алған түлектер өз білімдерін шет тілдерде еркін жалғастырады.

Әрине, бұл білім алушылардың жетістігі. Ал

**білім алушының жетістігі ол – мұғалімнің жетістігі. Ол – мұғалімнің өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілігінің көрсеткіші.**

Қашан да білімді ұрпақ – болашағымыздың кепілі.

**Ж. С. САТТАР,**  
*Дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатының директоры*



**АННОТАЦИЯ**

В статье рассказано о плодотворном проведении учебного года специализированным лицеем-интернатом, его оснащённости современным оборудованием, интенсивном освоении преподавателями обновленного содержания образования, информационно-коммуникационных технологий.